

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.Айдархановқа жүктелсін.

Министр
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2002 жылғы 5 шілдедегі
N 650 бұйрығымен бекітілді

**ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
КЛИНИКАЛЫҚ БАЗАЛАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базасы (университет, академия, дәрігерлер білімін жетілдіру институты) - бұл материалдық-техникалық базасының жоғары деңгейі бар, ұйымдастыру-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазіргі заманғы әдістерінің негізінде дәрігерлерді, ғылыми кадрларды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын әрі барлық медициналық көмек түрлерін көрсететін көп бейінді, мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымы.

Жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары болып денсаулық сақтауды басқаратын жергілікті мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдары белгіленуі мүмкін.

Жоғары медициналық білім беру ұйымдары базасында клиникалық базалар (бұдан әрі - клиникалар) жұмыс істейтін клиниканы иемдене алады.

2. Медициналық жоғары оқу орындары клиникалық базаларының тізбесі " Республикадағы медициналық білім беруді одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1469 қаулысымен белгіленген.

Клиниканың бас дәрігерін қызметке жоғары медициналық білім беру ұйымының ректоры тағайындайды және қызметінен босатады.

3. Жергілікті денсаулық сақтау ұйымының базасында жұмыс істейтін клиникалық база бөлімшесінің құрылымын, бейінін және қуаттылығын жоғары медициналық білім беру ұйымының келісімі бойынша денсаулық сақтауды басқаратын жергілікті мемлекеттік орган бекітеді.

4. Клиникалық база бөлімшесінің құрылымын, бейінін және қуаттылығын жоғары медициналық білім беру ұйымы бекітеді.

5. Клиникалық база бөлімшелерінің бейінін өзгерту халықтың медициналық көмекке деген сұранысына орай, медициналық қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырысты орналастыруға ашық конкурс нәтижелері бойынша, сондай-ақ ерекше жағдайларда (соғыс уақыты жағдайы, эпидемиологиялық жағдай, зілзала) жүргізілуі мүмкін.

6. Клиникалық базалардың қызметі осы Ережемен және жоғары медициналық білім беру ұйымдары мен денсаулық сақтауды басқаратын жергілікті мемлекеттік органдар арасында жасасқан шарттармен, ал клиниканың қызметі осы Ережемен реттеледі.

7. Клиника медициналық жоғары оқу орындарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Жоғары медициналық білім беру ұйымдары клиникалық базаларының міндеттері

8. Жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базаларының негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік стандартқа сәйкес мамандарды үздіксіз көп деңгейлі (жоғары, қосымша және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім) даярлауды жүзеге асыру;

2) халыққа жоғары білікті медициналық көмек көрсету;

3) алдын алудың, диагностикалаудың, емдеудің және науқастарды сауықтырудың тиімді әдістерін әзірлеу және практикалық денсаулық сақтау жүйесіне енгізу;

4) білім беру ұйымдарына ғылыми зерттеулер жүргізу және клиниканың жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдалана отырып, оқу процесін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

5) халыққа медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі конкурстарға қатысу болып табылады.

9. Клиникалық базалардың басшылығы:

1) қажетті оқу үй-жайлары мен клиниканың құрал-жабдықтарын пайдалану мүмкіндіктерін бере отырып, студенттердің (курсанттар) даярлануы үшін жағдай жасауды және клиниканы оқу процесінде жарактандыруды;

2) кафедра қызметкерлерінің емдеу процесіне толыққанды қатысуы үшін жағдай жасауды;

3) медициналық білім беру ұйымдарының ғылыми зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес науқастарды 15%-ға дейін жатқызуды қамтамасыз етеді.

3. Клиникалық базаны басқару

10. Клиникалық базаны жалпы басқару мен басшылық жасауды бас дәрігер жүзеге асырады.

11. Клиникалық базаның бас дәрігері:

1) өз жұмысында қолданыстағы заңнаманы, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді және осы Ережені басшылыққа алады;

2) шаруашылық-әкімшілік функцияларды атқарады;

3) жоғары медициналық білім беру ұйымының клиникалық кеңесінің мүшесі, сондай-ақ негізгі қызметімен қоса қызметкері бола алады.

12. Бас дәрігердің клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары кафедра меңгерушісімен қатар емдеу-диагностикалық және оқу процесін ұйымдастыруға тікелей жауапты болады.

13. Клиникалық база бөлімшелерінің меңгерушілері жоғары медициналық оқу орны ректорының келісімі бойынша жоғары және бірінші біліктілік санаты бар дәрігерлер мен кафедра қызметкерлерінен бас дәрігердің бұйрығымен тағайындалады.

14. Клиникалық базаның жоғары немесе бірінші біліктілік санатты дәрігерлері білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметпен айналысуға және негізгі жұмысымен қатар білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге құқылы.

15. Кафедра меңгерушісі (профессор немесе доцент):

1) өз жұмысында азаматтардың денсаулығын сақтау және білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық кесімдерді, жоғары медициналық білім беру ұйымдарының жарғысын, осы Ережені және лауазымдық нұсқаулықты б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы ;

2) емдеу-диагностикалық, консультативтік көмек көрсету және оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша бас дәрігермен және бас дәрігердің клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасарымен өзара іс-қимыл жасайды;

3) базалық бөлімшенің қызметін бақылайды және кафедраның емдеу жұмысына дербес жауапты болады.

16. Кафедраның ассистенті педагогикалық және ғылыми-зерттеу ж ұ м ы с т а р ы м е н қ а т а р :

1) дәрігер-ординатордың 0,5 төлем бәсі көлемінде емдеу және консультация беру жұмыстарын атқарады және өз жұмысында клиниканың ішкі тәртіп ережелерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы ;

2) өндірістік қажеттілік кезінде кафедра меңгерушісі мен бас дәрігердің келісімі бойынша клиниканың еңбекақы қорынан төлемақы ала отырып, қосымша дәрігерлік жұмысты атқара алады;

3) клиниканың басқа да қызметкерлерімен қатар емдеу жұмысының сапасына және бекітілген оқу үй-жайлары мен жабдықтардың сақталуына жауапты болады .

17. Докторанттар, аспиранттар мен клиникалық ординаторлар "Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім туралы" қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 1134 Ережесіне сәйкес емдеу жұмысын атқарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК